

*Н.Н. Шұгаев<sup>1</sup>, Г.Қ. Оспанова<sup>1</sup>, Г.Г. Байкенова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДЫ ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

---

**Түйіндеме.** Орталық Қазақстанның шелейт және шел аймағында малдың негізгі азыры жайылым шебі екендігі белгілі. Бірақ кептеген шаруашылықтар бірнеше жыл қатарынан топырақты жақсартуға және оның құнарлылығын кетеруге кеңіл белмейді. Мұның езі топырақта шептің шығымдылығын күрт темендетумен бірге, кейбір құнды есімдіктердің шықпай қалуы сияқты қолайсыз жайға соқтырып отыруы маңызы бар езекті мәселе. Қазіргі кезде жер ресурстарын пайдалану ерекшелігіне, топырақ және агроклиматтық жағдайына, өртүрлі табиғи ортада орналасуына, ауыл шаруашылығының мамандануына, жер ресурстарының сапасына және жеке шаруа қожалықтарында жер ресурстарын пайдалану ерекшеліктеріне байланысты сараптама жасалып, баға берілуде.

**Түйінді сөздер:** Топырақ, агроклимат, аудан, құрғақ дала, қара шірінді.

• • •

**Аннотация.** Известно, что в полупустынной и пустынной зоне Центрального Казахстана основным кормом скота является пастбищная трава. Но многие хозяйства несколько лет подряд не уделяют внимания улучшению почвы и повышению ее плодородия. Это актуальная проблема, в которой, наряду с резким снижением урожайности сена в почве, может привести к неблагоприятным условиям, таким как исчезновение некоторых ценных растений. В настоящее время проводится экспертиза и оценка особенностей использования земельных ресурсов, почвенного и агроклиматического состояния, размещения в различных природных средах, сельскохозяйственной специализации, качества земельных ресурсов и особенностей использования земельных ресурсов в крестьянских хозяйствах.

**Ключевые слова:** почва, агроклимат, площадь, сухая степь, гумус.

• • •

**Abstract.** It is Known that in the semi-desert and desert zone of Central Kazakhstan, the main livestock feed is pasture grass. But many farms for several years in a row do not pay attention to improving the soil and increasing its fertility. This is an urgent problem in which, along with a sharp decrease in the yield of hay in the soil, it can lead to adverse conditions, such as the disappearance of some valuable plants. Currently, an examination and evaluation of the features of land

exploitation, its soil and agro-climatic conditions, placement in various natural environments, agricultural specialization, quality of land resources and features of land in use by in farms has been carried out.

**Keywords:** soil, agro-climate, area, dry steppe, humus.

**Кіріспе.** Қарағанды облысының солтүстігіндегі дала белдемінде оңтүстікпін карбонатты қара және күңгірт қоңыр, қоңыр топырақтары қалыптасқан. Қарқаралы, Кент, Бақты, Құ, т.б. тауларда таудың қара топырағы тараған. Облыстың орталық енірін алып жатқан шелейтті белдемде сортаңды карбонатты қоңыр, ашық қоңыр топырақ басым. Облыстың оңтүстік шел белдемінде сұр және сұрғылт қоңыр топырақ тараған. Өзен аңғарларында шалғынды қоңыр топырақ түрлері кездеседі. Агроклиматтық жағдайы ерте себілетін жаздық дәнді дақылдар, қарақұмық, орамжапырақ, картоп, қияр т.б. есіруғе қолайлыш. Жер бедерінде байланысты, кепшілік шаруашылықтар мал шаруашылығымен, онымен қоса, егіншілікпен шұғылданады. Өсімдіктердің есіп-ену мерзім ұзақтығы 130-135 күн. Осакаров ауданында егіншілік кеңінен дамыған. Жылы ете қуаң аудан облыстың Батыс және Оңтүстік аймақтарын (шелейтті, шелді) толығымен қамтиды. Мұнда қой шаруашылығы басым дамыған. Облыс аймағы агроклиматтық жағдайына байланысты аудандастырылған (1 кесте).

#### 1 кесте - Құрғақ дала аймағының агроклиматтық жағдайы

Аймақ	Аудан	ГТК	Әсерлі температура <sup>0</sup> C
Қоңыржай-жылы қуаң ұсақ шоқылы	Бұқар жырау, Абай, Нұра, Осакаров ауданының Солтүстік-Шығыс, Қарқаралы ауданының Солтүстік-Шығысы	0,7-0,8	2000-2200°C
Қоңыржай-жылы ете қуаң	Осакаров ауданының басым белігі, Жанаарқа ауданының Солтүстік, Қарқаралы ауданының Оңтүстік-Шығысы	0,5-0,7	2000-2600°C
Жылы ете қуаң	Облыстың Батыс және Оңтүстік аймақтары	0,5-0,7	2200-2800°C

Құрғақ далалық ландшафт аймағына Қарағанды облысы Нұра, Осакаров, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарының территориясы кіреді. Каштан түстес топырақты, аздаған участкерлері оңтүстікпі қара топыраққа ие. Орталық беліктерде биік ландшафты аймақтардың элементтерінің көрінісі кездеседі. Аласа таулардың ғранитті массивтеріндегі қара түсті тастақты топырақта қайың-қарағайлы ормандар кездеседі. Кебірек таралған ландшафттарға жаға кефалы,

шелейт, далалық және кегалды-сор, сортаң жерлер жатады [1]. Құрғақ дала аймагына құрғақ шапшаң континенталды климат тән жазы ыстық және құрғақ, қыста қар аз, бірақ желі мен бораны кеп, қаһарлы. Жаз құндері ауа температурасы 30 градусқа дейін кетеріледі. Ең сүйк ай-қаңтар айы. Аяз 45 градусқа дейін жетеді. Жаз айларындағы булану жауын-шашыннан 3-7 есеге дейін асып кетеді. Шапшаң континентальдылық қаһарлы қыспен, жоғары жаз температураларымен, жылдық және тәуліктік ауа температурасы амплитудасымен, жауын-шашынның аз мелшерімен анықталады

Құрғақ далалық аймақ езіне тән жер бедері - оқшауланып тұратын биік шоқылары, бұйраттары, аңғарлары мен жазықтары бар ұсақ шоқылы аймақтың орталық белігін алғып жатыр. Топырағы құнгірт қарақоңыр, ал солтүстігінде аздаған онтүстіктің қара топырағы кездеседі. Жауын-шашынның жылдық мелшері 260-300 мм. Құрғақ далалық аймақтың негізгі есімдігі жусан бетеге, боз-селеу, қылтабас, жоңышқа, тобылғы және т.б. Климат жағдайы егіншілікті көнінің дамытуға мүмкіндік береді. Бұл аймаққа Осакаров, Бұқар жырау және Қарқаралы ауданының Томар және Еңбек, Нұра ауданының Амантау, Балықтықел, Нұра шаруашылықтарынан басқасы енеді. Құрғақ далалық аймақтың ауыл шаруашылық енімін ендіретін шаруашылықтар жерінің жалпы келемі 8 млн. гектардай. Қараганды Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалалары осы далалық аймақта. Бұл аймақта астық, ет, сүт, жұмыртқа, кекеніс, картоп ендіріледі. Құрғақ дала мен жартылай шел даланың топырақтары. Қара топырақты шалғынды-дала зонасының онтүстігінде қарай ауа райы құрғақтай бастайды. Бұл алқаптардың ауа райы жылды. Аудан түсетін ылғалдан булану мелшері де мол. Ұлғал мелшері жылына 200-300 мм-дей. Осыған орай, есептің есімдіктер де езгереді. Қалың есептің бозды-бетегелі даланың орнын сирегірек есептің бетегелі-жусанды құрғақ дала басады. Осының өсерінен есімдіктердің топыраққа түсетін қалдықтары да азайып, қара шірінді мелшері кемиді, қара топырақтың түсі қара қонырга езгереді [2].

**Жұмыстың мақсаты** - Орталық Қазақстанда ауыл шаруашылығына пайдаланатын аридті жер ресурстарын әртүрлі қоғамдық қарым-қатынастар жагдайында ұйымдастырылуын геоэкологиялық әдіспен зерттеп, экологиялық тұргысынан талдау болып табылады.

**Зерттеу әдістері** - Зерттеуге далалық экспедициялық, геоэкологиялық, мұрагаттық және статистикалық мәлеметтерді пайдаланып оларды экологиялық әдістер арқылы топтап, талдап бір-бірімен салыстра отырып жүргізіледі.

**Негізгі нәтижелер.** Құрғақ даланың зоналық топырағы-қара-қоңыр. Жалпы көлемі 107 млн гектар, яғни ТМД елдерінің 4,8% алып жатыр. Негізгі көлемі Қазақстан территориясында [3].

Қара шірінді мелшері бұл топырақтарда 2-4% арасында. Қара қоңыр топырақтың морфологиялық құрылышы темендеңідей (2 кесте):

**2 кесте - Қара қоңыр топырақтың морфологиялық құрылышы**

Топырақ горизонттары	Сынама алынған терендік/см	Топырақ түсі	Геологиялық жыныстар
А сынамасы	0-20 см	қара қоңыр түсті, нығызыдалған	35-45 см-ден әк кездеседі
ВС сынамасы	50 см-ден темен	ашық ақшыл	кең әк қосылыштары
С сынамасы	100-120 см	ақшыл	гипстелген аналық тау жынысы қабаттары

Климаты – құрғақ континенталды, жазы ыстық, қысы суық және қар қабаты жұқа болады. Жазда жауған жауын-шашиң мелшерінен 2- 4 есе кеп ылғал буланады. Зонаның күнгірт-қүрен топырақ қалыптасатын солтүстік белігінде 300–400 мм жауын-шашиң жауады, орталықта – 300-350 мм және онтүстікті, ашық-қүрен топырақты зонада – 250-300 мм. Жауын-шашиң мелшері батыстан шығысқа қарай 200–250 мм-ге дейін азаяды [4]. Зонаның есімдік құрамы, әсіресе, онтүстік белігінде салыстырмалы түрде сиректеу. Шептесін есімдіктерден қау, ақселеу, бетеге, жусан, тағы басқалар жусанды-бетегелі қауымдастықтардан тұрады, олар есімдік құрамында басым болады, сонымен қатар эфемерлер де кептеп кездеседі. Шалғын есімдіктері құрғақ дала зонасына езен жайылмалар мен аңғарлар бойымен таралады. Ағаш тектес есімдіктер осы зонаның ойпаң жерлерінде – сайлар мен езектерде, беткейлерде, езен жағасында орналасқан. Мұнда емен, үйеңкі, кектерек, қарағай, қарағаш, акация ағаштары еседі. Орман есімдіктері күнгірт-қүрен және күрен топырақтарда дамыған. Дегенмен, бұл зонада дала есімдіктері басым.

**Қүрен топырақтар.** Құрғақ далалардың шептесін есімдіктері астында да шалғынды дала есімдіктері астындағыдай топырақ түзілуінің шымдану үдерісі жүреді. Жаздың ортасына таман эфемерлер мен шалғын есімдіктерінің кеп белігі қурайды, топырақ бетінде киіздей шеп қабаты пайда болады, ол тез және түгел ыдырайды.

Органикалық заттар ыдырауы кезінде, катиондармен әрекеттескенде суда ерімейтін гуматтар түзетін гумин қышқылдары синтезделеді. Сол уақытта жоғары температура әсерінен гумин қыш-

қылдарының кебуі жүреді, олар топырақтың жоғарғы қабаттарында жинақталады және оны қарақошқұл түске бояйды. Тамыр қалдықтарының бір белігі анаэробы ыдырайды, нәтижесінде топырақта қарашірік жинақталады. Шалғынды дала аймағына қарағанда, мұнда органикалық заттар аз жиналатындықтан, ал оның толық минерализациясы жаз бойы жүретіндіктен, бұл топырақтарда қаратопыраққа, жайылма және шалғын топырақтарына қарағанда, қарашірік аз. Қуандышлық жағдайында топырақ шамалы ғана тереңдікке ылғалданатындықтан, натрий, күкіртқышқылды кальций мен магнийдің түздары шайылу арқылы теменде шоғырланады, кристалл түрінде жинақталып, иллювиальды түзды горизонтты қалыптастырады. Кальций карбонаты жалғанмицелий және ақкездер, ал күкіртқышқылды натрий-гипс кристалдарын түзеді. Топырақ кескінінде түздары женіл қозғалатын натрий біртіндеп, топырақтың сіңіру кешеніне кіреді және топырақ сортаңданады.

Натрий түздарының әсерінен топырақтың жоғарғы горизонттары құрылымын толық немесе ішінара жояды, қарашірікті және минералды коллоидтар кектемі ылғал әсерінен ішінара зольға ауысады да, біраз тереңдікке шайылып, күрең топырақтардың тығыз иллювиальды горизонтын қалыптастырады (1 сурет).



1 Сурет – Топырақтың жоғарғы горизонттары

Сортаңдану үдерістері әр жерде әртүрлі, ол кебінесе, топырағы шамалы ғана ылғалданатын және топырақ түзуші жыныстары түзденған аудандарда көрініс береді. Ылғалдың топырақта аздығынан кальций түздары жоғарғы горизонттардан толық шайылмайды, сондықтан топырақ бетінде немесе біраз тереңдікке шымырлайды. Зонаның солтүстік, ылғалы көп жерлерде, топырақ кескінінің жоғарғы беліктерінде Ca, Na болмайды. Оңтүстікке жылжыған сайын екі

элемент те топырақ кескінің жоғарғы беліктерінде жинақталады да, топырақ сілтілік реакция береді. Нәтижесінде бұл зонада қүрөн және құба топырақтар қалыптасады. Олардың ішінде кеп тарағаны – қүрөн топырақтар. Лессты сазбалышықты және ауыр сазбалышықты құнгірт-қүрөн топырақ кескіні (3 кесте):

**3 кесте - Лессты сазбалышықты және ауыр сазбалышықты құнгірт-қүрөн топырақ кескіні**

Топырақ горизонт-тары	Сынама алынған тереңдік	Топырақ түсі	Топырақ кескіні
A <sub>0</sub>	3 см	құнгірт-сұр	есімдік тамырларына толы, шаңды-кесекшелі, горизонталь қатпарларға белінеді, орташа саздақ, борпылдақ
A <sub>1</sub>	23 см	құнгірт-сұр-қоңырлау	кесекшелі, ауыр сазбалышықты, тығыздалған, дендриттер тамырлар кездеседі
B <sub>23</sub>	38 см	құнгірт-сұр, қоңырлау реңкті	ауыр сазбалышықты, құрылымдық кесекшелердің қырлары жаңғақты коллоидты қабықшасы тығызыдау
B <sub>a</sub> 38	55 см	құнгірт-құба	ауыр сазбалышықты, тығыз, ұсақ призмалы, тамырлар, дендриттер кездеседі
B <sub>k</sub>	55 см-ден бастап	қуқыл-құба	ауыр сазбалышықты, тығыз, НС1-дан шымырлайды, 90 см терендіктен бастап ақкездер кездеседі

Топырақтың жоғарғы қабатының құрылымсыздығы аздал сортаңданғаның, ал В горизонтының қабыршақтануы мен нығыздалуы – топырақтың жоғары горизонттарына коллоидты лайлы тұнбалардың шайылып сінетінін көрсетеді. Қүрөн топырақтарда қарашірік А және В горизонттарында болады, сондықтан жалпы қалындық A+B горизонтарының қалындықтарының қосындысы арқылы анықталады. В.В. Докучаевтың қүрөн топырақтар классификациясы бойынша оларды 2 топқа жіктейді. Ал Н.С. Коссович қүрөн топырақтарды үш тип тармағына белді (4 кесте)

**4 кесте - Қүрөн топырақ классификациясы**

В. В. Докучаев	Н. С. Коссович
қүрөн топырақтарға (құрамындағы қарашірігі 4% шамасындей)	құнгірт-қүрөн (қарашірігі 5-6%)
ашық-қүрөн топырақтарға (құрамындағы қарашірігі 2-3%)	қүрөн (қарашірігі 3-4%) ашық-қүрөн (қарашірігі 2-3%)

Қарашірік горизонтының қалындығына байланысты топырақтарды қалып қабатты ( $A + B$  50 см-ден кеп), орта қабатты (30-50 см), жұқа қабатты (20-30 см) және қысқа қабатты (20 см-ден аз) деп беледі. Кебірлену дәрежесі бойынша белу мынадай: кебірленген – 3%-дан аз, шамалы кебірленген – 3-тен 5%-ға дейін, орташа кебірленген 5-тен 10%-ға дейін және құшті кебірленген – 10-нан 15%-ға дейін. Топырақ түрлөрін жоғарғы горизонттардың механикалық құрамы бойынша, ал разрядтарды – аналық жыныстары бойынша беледі. Дала белестері арасындағы ойпаңдарда, езендердің арнаусті террасаларында шалғынды-қүрен топырақтар қалыптасады. Бұндағы қосымша ылғалдылық шалғынды дала есімдіктерінің дамуына септігін тиғізді (бидайық, жонышқа, т.б.). Шалғынды-қүрен топырақтарға қарашірік горизонтының едәуір қалындығы және органикалық заттар мен қоректік элементтердің кеп мелшері болуы тән. Олар қүрен топырақтар сияқты жіктеледі, сонымен қатар мұндағы глейлі топырақтар белінеді [5].

**Құрғақ дала аймағы топырақтарын пайдалану.** Құрғақ дала топырағын еістік, шабындық, жайылымдар ретінде қолданады. Топырақ тұздылығы астық енімділігін темендегі жібереді. Кебірленген қалып қабатты құнғырт-қүрен топырақ енімділігі – 12,8, орта қабаттыда – 6,4 және шамалы қабаттыда – 5,0 ц/га. Бұл зонада жел эрозиясы мен шанды дауылдар халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Қүрен топырақтардың құнарлылығын жоғарылату біріншіден, ылғал жинақтаумен, суарумен және сортан топырақтарды шаюмен, гипстеумен, тыңайтқыш енғізумен тіkelей байланысты. Топырақ қасиеттерін жақсартатын, дұрыс жүргізілген агротехникалық шаралар аса маңызды. Жер ендеуде қайырмасыз жырту, биік сабакты дақылдар жолағын егу, қорғаныш орман жолақтарын егу жел эрозиясымен құресуде ерекше орын алады [6].

**Қорытынды (тұжырымдар).** Жер ресурстарын тиімді пайдалану кезінде зерттеу территориясындағы шаруашылықтың суландырылғандығы мен су мен қамтамасыз етілғендігі (езендер, келдер, бегеттер, құдықтар, скважиналар), олардың жазғы және қысқы мезгілде адамдар мен малды сумен қамтамасыз етуіндегі ролі маңызды екендігін ескеру керек. Шаруашылықты орналастыру кезінде шаруашылық топырағының (турлери, айырмашылығы мен келемі); жыртылатын қыртысының тереңдігі; қара шірік; топырақтың сапасы; сортандылығы; топырақ түріне қарай тыңайтқыш қабылдауы; эрозияға (жел және су) ұшыраған жерлер келемін анықтау шаруашылықты орналастыруда тиімді екенін естен шығармау керек.

Біз зерттеу жұмысында Қараганды облысының жайылым жерлерінің табиги географиялық жөнө геоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеп, шаруашылықты жүргізу дегі жетістіктер мен алдагы уақытта шешімін күтіп тұрған мәселелердің тұжырымдамаларын анықтадық деп есептейміз.

### **Әдебиеттер**

- 1 Атамекен географиялық энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы/Қазақ энциклопедиясы, 2011.
- 2 Қараганды облысы энциклопедиясы. – Алматы. Атамұра. 2006.
- 3 Христенко А.Ф. Сельская хозяйство сухостепной зоне Казахстана. – Караганда, 2002. - С.13-70.
- 4 Караганда. Карагандинская область. Энциклопедия. – Алматы, 2018.
- 5 Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана: Учеб.пособие. Алматы: Қазақ үн–ті, 2006. 65 с.
- 6 Чигаркин А.В. Геоэкология Казахстана. (Географические аспекты природопользования и охраны природы): Учеб.пособие. Алматы: Қазақ үн–ті, 2006. - 186 с.

**Шұғаев Н.Н.** – экология фылымдарының магистри, e-mail: nury-9411@mail.ru  
**Байкенова Г.Г.** – химия фылымдарының докторы, профессор, e-mail: murzabek\_b@mail.ru  
**Оспанова Г.К.** – химия фылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: gulnar\_ospanova@bk.ru